ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 қантар № 5265-24-00-2/4003 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы Н. Нартайқызының қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NAMARK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Ж. Жанмулдаев
Жауапкердің өкілдері Г.С. Алдиярова, А.Б. Сейдехан және А.К. Курманалиева
Куә Г.У. Баймахов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында 2024 жылғы 10 қыркүйекте № 133/24 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (әрі қарай Келісім-шарт) түзілген.

Келісім-шарттың № 1 қосымшасына сай, орындау мерзімі: Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін 15 күнтізбелік күні ішінде болып белгіленіп, жалпы сомасы 3 271 304, 96 теңгеге, («электрмен пісірілген құбыр» болат құбыр диаметрі 42 мм, қалыңдығы 2,8 мм-ден 256

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025
Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025
5265-24-3-1/4324

метр; болат құбыр диаметрі 22 мм, қалыңдығы 2,8 мм-ден 256 метр; композитті панель, алюкобонд фассадқа 50 х 50 см қалындығы 4 мм-лік 8 шаршы метр, электрмен пісірілген құбыр төрт бұрышты 2х4 см қалындығы 5 мм-лік 50 метр; болат құбыр диаметрі 89 мм, қалыңдығы 3 мм-лік 1 024 метр; болат табақ қалыңдығы 3 мм-лік 128 шаршы метр; профнастиль 1х6 м, 0,4 мм 25 дана) тауарларын жауапкер талап қоюшыға жеткізуге міндеттеме алған.

Келісім-шарт 2024 жылғы 30 қыркүйекте қазынашылық органында тіркелген.

Талап қоюшы тарапынан портал арқылы 2024 жылғы 30 қазанда Келісім-шарт біржақты бұзылатыны туралы хабарлама жауапкерге жолданған.

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесі сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында Келісім-шарт түзілгенін, жауапкер «NAMARK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін тауарларды талап қоюшыға жеткізбегені үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды және тұрақсыздық сомасы 85 072 теңгені өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір беріп, онда талап қоюды толық мойындамай, 2024 жылғы 25 қыркүйекте «NAMARK» ЖШС-гі тауарларды жеткізе бастағанын, сомасы 282 800 теңге құрайтын 1х6м, 0,4 мм, 25 дана «металл парақ» профнастиль; талапкермен келісілген сомасы 57 344 теңге құрайтын қалыңдығы 3 мм, саны 128 шаршы метр «болат табағы», талап қоюшының аумағында түсірілгенін, ал бухгалтерлік жүк құжаттарды талап қоюшының бухгалтериясына қалдырғанын, Келісім-шарт Қазынашылық органында тіркелмегендіктен талап қоюшы қалған тауарларды олармен келісіп кейін акелуді сұрағанын, себебі талап қоюшы Келісім-шарттын қосымшасында көрсетілген параметрлердің өзгеруі мүмкін екенін аттап өткенін негіздеп, сондай ақ талап қоюшы жауапкермен бір келісу шешімге келіп, жауапкерге тараптардын келісімі бойынша бұзу туралы қосымша келісім-шартты веб портал арқылы жібергенін, 2024 жылғы 29 қазанда келісім-шартты тараптардын келісімі бойынша бұзу туралы қосымша келісім-шартқа қолын қойып портал арқылы талап қоюшыға жібергенін, дегенмен 30 қазанда талап қоюшы қосымша келісім-шартты порталдан жойғанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, оны талап қоюда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкерлердің өкілдері талапты толық мойындамай, оны қарсы пікірлерінде көрсетілген негіздермен қанағаттандырудан бастартуды және

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025
Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025
5265-24-3-1/4324

жауапкер алдын мемлекеттік сатып алуға адал қатысып жүргенін ескеруді сұраған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотарият туралы» Заңның 98-бабының 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 20212 жылғы 31 қантарда № 31 санды бұйрығымен бекітілген «Нотариустардың нотариалдық іс әрекеттерді жасау» Ережесінің 205-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес нотариус соттың немесе басқада құзыретті органың өндірісінде қаралу барысында мүдделі тұлғалар өзіне дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы жүгінсе рәсімдеуге тиіс емес деп көзделген.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында Келісім-шарт түзілген, дегенмен жауапкер Келісім-шарт

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025
Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025
5265-24-3-1/4324

бойынша көзделген тауарларды талап қоюшыға толық жеткізбей, өз міндеттемесін тиісті түрде орындамаған, бұл мәселе іске тігілген талап қоюшының жауапкерге Келісім-шарт біржақты бұзылатыны туралы хабарламасымен және істегі басқа да құжаттарымен толық дәлелденеді.

Келісім-шарттың 5.3 тармағында жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі деп көрсетілген.

Ал, 5.4 тармағында осы Шарттың 5.3 тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп Өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі деп нақты көзделген.

2024 жылғы 25 қыркүйекте жауапкер талап қоюшыға Келісім-шарт көзделген жеті түрлі тауарлардың, тек екі түрін жеткізіп, жүк құжаттарын рәсімдемей, қоймасына тастап кеткен.

Келісім-шарт 2024 жылғы 30 қыркүйекте қазынашылық органында тіркеліп, сол күні күшіне енген, яғни тауарларды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 16 қазанына дейін болған, ал осы уақытқа дейін жауапкер талап қоюшыға толық тауарларды тиісті жүк құжаттарымен жеткізбегені және веб-портал арқылы талап қоюшыға тауарды қабылдап алу-беру актісін жібермегені анықталды.

Өз кезегінде, сот «Нотарият туралы» Заңның 98-бабының 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 20212 жылғы 31 қантарда № 31 санды бұйрығымен бекітілген Нотариустардың нотариалдық іс әрекеттерді жасау Ережесінің 205-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес жауапкердің нотариуспен рәсімделген дәлелдеме ретінде сотқа ұсынған «ватсап» желісі арқылы тараптардың өз ара жазысқан сауалнамаларын негізсіз деп санайды, себебі іс соттың өндірісіне қабылданып қаралып жатқан сәтте нотариуспен бұл дәлелдемелер негізсіз рәсімделген.

Сол сияқты, сотта куә қатарында сұралған Г.У. Баймаховтың жауаптарында, сот негізсіз деп таныйды, себебі оның жауаптары ватсап» желісі арқылы тараптардың өз ара жазысқан сауалнамалары көлемінде берілген жауаптар.

Бұдан басқа, жауапкердің талап қоюшы Келісім-шарттын қосымшасында көрсетілген параметрлердің өзгеруі мүмкін екенін аттап өттіп, жауапкермен бір келісу шешімге келіп, жауапкерге тараптардын келісімі бойынша бұзу туралы қосымша келісім-шарттын веб-портал арқылы жіберген, жауапкер өкілі қосымша келісім-шартқа қолын қойып портал арқылы талап қоюшыға жіберген, дегенмен 30 қазанда талап қоюшы қосымша келісім-шартты порталдан жойған, деген уәждерінде, сот негізсіз деп санайды, себебі іске екі жақтың келісіммен бұзылған Келісім-шарт ұсынылған жоқ.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025
Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025
5265-24-3-1/4324

Керісінше, талап қоюшы 2024 жылғы 30 қазанда Келісім-шарт біржақты бұзылатыны туралы хабарламаны жауапкерге жолдаған.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкер сотқа қатыспады және сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 теңгені өндіру қажет деп табады.

№ 2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Келісім-шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарларды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күні үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіреді.

Талап қоюшы жауапкерден Келісім-шарт бойынша тауарларды жеткізуді кешіктергені үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық сомасы 85 072 теңгені (3 271 304, 96 теңге х 0,1% х 26 күнге) өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебімен ішінара келіседі, себебі Келісім-шарт бойынша тауарларды жеткізуді кешіктергені үшін шарттың жалпы сомасы 3 271 304, 96 теңгені х 0,1% = 3 271, 30 теңгені х 26 күнге = 85 054 теңге болады.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық сомасын өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандыруға, яғни 85 054 теңге өндіруге жатады деп табады.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025
Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025
5265-24-3-1/4324

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 2 552 теңгені өндіру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «NAMARK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «NAMARK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 85 054 (сексен бес мың елу төрт) теңге және мемлекеттік баж 4 398 (төрт мың үш жүз тоқсан сегіз) теңге өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бастартылсын.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 22.01.2025

Дата вступления в законную силу: 02.04.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 18.04.2025

5265-24-3-1/4324